



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365

№ 2 (93)

Нұр-Сұлтан
2021



Редакциялық алқа:

А. Мұхамедиұлы,	өнертану докторы, профессор (алқа төрағасы)
Асанканов А.А.,	тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі (Қырғызстан).
Әбдуақап Қара,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Түркия).
Бороффка Н.,	археология докторы, профессор (Германия).
Бейсенов А.З.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Ибадуллаева З.Ө.,	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент (Қазақстан).
Ибраева А.Г.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (Қазақстан).
Касеналин А.Е.,	PhD докторы (Қазақстан).
Купаева А.Қ.,	PhD докторы (Қазақстан).
Қартаева Т.Е.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Малдыбаева Р.К.,	өнертану кандидаты (Қазақстан).
Мұқтар Ә.Қ.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Нұразхан А.Ш.,	педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚР Көркемөнер академиясының академигі (Қазақстан).
Оңғар А.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Самашев З.С.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Төлеубаев Ә.Т.,	тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Смағұлов О.С.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы (Қазақстан).
Таймағамбетов Ж.Қ.,	ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).
Үмітқалиев Ұ.Ұ.,	тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан).
Шамильоглу Ю.,	Висконсин университетінің профессоры (АҚШ).



МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстанның киелі жерлері

Мұқтар Ә.Қ. Алтынордалық Сарайшық ортағасырлық тарихи деректерде 4

Бөкей Ордасына – 220 жыл

Ғиззатов С.М. Бөкей Ордасының тарихи тұлғалары және олардың атқарған қоғамдық-саяси қызметтері 10

Археология

Моллақанағатұлы С. Маңғыстаудан табылған «Диуани хикмет» қолжазбасы 17

Шағирбаев М.С., Сорокин Д., Казизов Е.С., Морыксин Д.В., Бычков В.С. Исследования остеологических материалов с городища Шымкент (2019-2020 гг.) 23

Аймұхамбет Ж.Ә. Шырайлы қаланың шынайы әпсаналары 47

Алаш тарихы

Сайлаубай Е.Е., Рахметуллин Е. Шыңғыстау өңірінен шыққан қазақ байларының меценаттық қызметі мен тағдыры 55

Филология

Хамзин М. Ақын Дия қажы Ахметұлы шығармашылығы: таным және тәлім аясындағы ой-толғамдар 73

Айтмұхамбетова Б.А. «Призовой слиток на казахской поэтической ниве!» 80

Асанов Қ.Д. Сөз өнерінің насихатшылық сипаты 97

Кәріпбаев Ж.Т. Жүсіпбек Шайхисламұлының «Жүсіп-Зылиха» тақырыбындағы назирасы 104

Этнография

Жәкішева З.С. Дара тұлға 121

Жүнісқанов Е.Б. Қазақтың құсбегілік өнері 134

Музей ісі

Ахметова С.М. Қасиетті құранның поэтикалық аудармасы 140

Мәдениеттану

Мырзахметов А.Ә. Архетип және көркем шығармашылықтағы «түпсана» 145

CONTENTS

Sacred places of Kazakhstan

Mukhtar A.K. Sarayshyk the time of the golden horde in medieval historical sources 4

Bukeevskaya Horde - 220 years

Gizzatov S.M. Historical figures of the Bokey horde and their socio-political activities 10

Archeology

Mollakanagatuly S. Manuscript of «Diwani hikmet» found in Mangystau 17

Shagirbayev M. S., Sorokin D., Kazizov E. S., Moryksin D.V., Bychkov V.S. Research of osteological materials from the medieval settlement of Shymkent (2019-2020) 23

Aimuhambet J.A. Genuine legends of a beautiful city 47

Alash's story

Sailaubai E.E., Rakhmetullin E. Medical activities and the fate of the kazakh riches, emitters from the region of Chingistau 55

Philology

Khamzin M. Creativity of akyn Dia kazhy Ahmetovich: thoughts in the field of knowledge and education 73

Aitmuhanbetova B.A. Golden Zhamby in Kazakh poetry or A new look at the heritage of Zhambyl 80

Asanov K.D. Information and propaganda character of oratory 97

Karipbaev J.T. Tale by Zhusupbek Shaykhislamula on the topic «Yusup-Zylikha» 104

Ethnography

Jakisheva Z.S. Unique personality 121

Zhuniskanov E. B. The art of domestication birds of prey 134

Museum business

Akhmetova S.M. The poetic translation of the holy quran 140

Cultural studies

Mirzakhmetov A.A. Archetype and «subconsciousness» in artistic creativity 145

Ахметова С.М.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
e-mail: symbatahmet94@gmail.com

ҚАСИЕТТІ ҚҰРАННЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ АУДАРМАСЫ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетіндегі ғалымның музей-кабинеті ғылыми-зерттеу және мәдени-ағартушылық құрылымдық бөлімше ретінде 2002 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Музейде тарих және география ғылымдарының докторы, еуразия ғылыми бағытының атақты өкілі Лев Николаевич Гумилевтің өмірбаяны мен көрнекті тарихшы-этнологтың ғылыми қызметі, еңбектеріне қатысты сыр шертетін дереккөздер жинақталған. Бұл мақалада музей сөресінде тұрған Құран-Кәрімнің орысша нұсқасының авторы, саяси қуғын-сүргінді басынан кешкен ғұлама-ғалым Т.А. Шумовский туралы қысқаша баяндалған. Балалық және бозбалалық шағы Әзербайжандағы Шемаха қаласында өткен Теодор Адамович мұсылман мешіттері мен бейіттердегі араб жазуларының құпиясын білуге бар ықыласын салып, саналы ғұмырын исламтануға арнаған.

Түйін сөздер: Л.Н. Гумилевтің музей-кабинеті, Құран, исламтану, арабистика, ғалым, тарих, әдебиеттану, Фатиха, Ықылас, Фалақ, Нәс.

**«Құран – адамзаттың мәңгілік
кітаптарының бірі»
Т.А. Шумовский**

Лев Гумилевтің музей-кабинетінде ғалымның еңбектерінен өзге бірнеше сирек кітаптар бар. Соның бірі – Құран. Әсілінде, музейдегі жәдігерлерден өзге заттар да музейдің құрылымдық мазмұнына сәйкес белгілі бір ақпаратты толықтырушы рөл атқарады. Сондықтан музейде кездейсоқ ештеңе де сақталмайды. Музейлердің бір-бірін қайталамайтын ерекшелігі бар екені белгілі.

Бірде, музейдегі кітап сөресінде тұрған адамзатқа түскен қасиетті кітап Құранға көзі түскен студенттің «Лев Гумилев мұсылман дінін қабылдаған ба?» деп, кенеттен сұрақ қойғаны бар...

Азияның көшпенді халықтарын ерекше жақсы көріп, ғұмырын арнаған Лев Гумилев әрбір этностың табиғи болмысымен жақсы таныс болған һәм ғұрыптық ерекшеліктері мен діни ұстанымдарына құрметпен қараған.

Музейдегі Құран – ерекше кітап. Тарихына жүгінсек, бұл қасиетті кітап Құранның арабша түпнұсқасынан орыс тіліне поэзия тілімен аударылып, Мәскеу-Санкт-Петербург «Диля» баспасынан 2008 жылы жарыққа шыққан, 575 беттен тұратын толық нұсқа. Авторы – Теодор Шумовский.

Теодор Шумовский (1913-2012) белгілі исламтанушы ғалым, тарих ғылымдарының докторы, ортағасырлық араб тарихы мен араб әдебиетін зерттеуші, ақындық таланты зор бола тұра ол өзінің саналы ғұмырын ғылымға арнаған (Шумовский, 2003: 211).

*«Когда придёт покаяться в грехах,
 Скажу, что не одну, как повелел Аллах,
 Три жизни прожил я:
 Одну – в спасенье тела,
 Другую – для любви,
 А третью жизнь – в стихах», –*

деп жазған Т.Шумовскийді бір мақалаға сыйдыра алмаймыз (Шумовский, 2008). Десек те, музейдегі таныстырылым бағытына сәйкес және қасиетті Құран Кәрімнің құрметі үшін, дінді ғылыми деңгейде зерттеген ғұлама туралы ой бөліспекпіз.

Теодор Шумовский Лев Гумилевпен бірге студент кезінде тергеуге алынып, абақтыға бірге жабылған үш студенттің бірі. Үшіншісі – египтолог Николай Ерехович. Н.Ерехович – студент күнінен «ерекше дарынды» болып танылған, тегі дворяндық. 1945 жылы Колымада ауырып қайтыс болған. Бұл үш студент те 1938 жылы 11 ақпанға қараған түні жалған айыптар тағылып қамауға алынған. Сот отырысында тергеушінің таңған айғақтарынан бас тартқанымен, оларды 10 жылға соттады. Бірі түрколог, бірі египтолог, бірі исламтану ғылымына қадам басқан өрімдей жас жігіттердің тағдыры ең бір қилы заманға тап келді. Алайда, тағдыр тәлкегі олардың рухын сындыра алмады...

*«Небесый свет нисходит в сердце,
 От коранических стихов,
 Живую душу очищая
 От человеческих грехов», –*

деп Құранға ерекше ықыласын берген Теодор Шумовскийдің еңбегіне баспа тарапынан: «Эта Книга – итог долгого жизненного труда, в ней воплотилось то понимание истин Корана, глубин которого автор достиг, благодаря непрерывному изучению Священного Писания мусульман и мудрости, приходящей с годами. Представленный поэтический перевод ставит своей задачей сделать эту книгу достоянием внутреннего мира каждого человека, независимо от его взглядов и убеждений», – деген сипаттама берілген-ді (Три жизни Теодора Шумовского).

Теодор Адамович Шумовский 1913 жылдың 2 ақпанында Украинаның Житомир қаласында дүниеге келген. Әкесі – Адам Викентьевич Шумовский (1873-1928) қазыналық қаржы саласында қызмет еткен, тегі поляк. Анасы – Амалия Фоминична Каминская (1884-1933) музыкант, пианино үйретуден дәріс берген. Бұл отбасында төрт ұл бала болған: Станислав, Иосиф, Теодор және Казимир. Т.Шумовский өзінің «Свет с Востока» деген естелік кітабында



Т.А. Шумовский
 T. Shumovsky

балалық шағына көз жібере отырып, әкесі мен анасы, өгей шешесі, ағалары мен інісі туралы тоқталып өткен.

Сол кездегі дүрбелең кезеңнің салдарын сезген әкесі 1915 жылы отбасымен Кавказға көшеді. 1922 жылы Әзербайжандағы Шемаха қаласына қоныс аударады. А.С.Пушкиннің әйгілі «Шамахан патшайымының» қаласы. Міне, осы Шемахада балалық және бозбала шағы өткен. Шемаха қаласындағы өмірі мұсылмандар арасында өткенмен, Кеңес өкіметі тыйым салған «Құран Кәрімді» ол ешкімнің қолынан көрмеді. Алайда, Шемахадағы мешіттер мен мұсылман бейіттеріндегі араб жазулары болашақ ғалымға ерекше әсер еткендігін: «Мои путешествия сперва открыли мне географическую природу Шемахи... В стороне от садов – мусульманское кладбище. Вертикально стоящие и наклонные плиты густо покрыты надписями. Что в этих надписях? Я не знал ни одной арабской буквы. Как эти буквы вьются, слетаются, образуя художественное кружево!... Однако мысль важнее красоты. Она творит красоту, а красота лишь отображает мысль...», – деп сипаттайды (Шумовский, 2006: 97). Ол құпиясы мол әлемге тап болғанын сезінді. Сол құпияның сырын ашуға біржола бекінді. Бейіттердегі арабша жазулар «..Люди умерли, они молчат. Буквы бессмертны, поэтому они говорили, говорят и будут говорить людям о людях», – деген ойлар «бұл әріптердің құпиясын

ашу менің қолымнан келер ме екен?» – деген сауалдарға жетеледі.

1932 жылы Ленинградтағы тарих-лингвистика институтына оқуға түсіп, қазан айында «Араб елдерінің жаңаша тарихын» оқытатын мамандыққа жазылды. Қарашаның 11 күні араб тілінен алғашқы дәрісті КСРО Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, семитолог – лингвисттердің ішіндегі бірден-бір білгірі Николай Юшмановтан (1896-1946) алған (Wikipedia).

Шәкіртінің қабілетін таныған Н.Юшманов семит-хамит тілдері мен әдебиеті кафедрасының «араб жүйесіне» өтуіне кеңес береді. Бұл жүйе бойынша араб тілі мен әдебиеті, классикалық араб тілі, жаңа заманға араб тілі, халифат тарихы, мұсылман өнері және ең бастысы «Құран» үйрену және әдебиеттану пәндері оқытылған. 1935 жылды Шумовский «С этой поры в моей арабистической жизни эпоха Юшманова начинает сменяться эпохой Крачковского», деп естелігінде атап өткен.

Ресейдегі арабистиканың негізін қалаған, КСРО Ғылым академиясының академигі, филолог И.Ю Крачковский (1883-1951) көзі тірі кезінен бері әрбір арабтанушы үшін идеал, ерекше құрметке ие болған ғалым.


Т.Шумовский ұстазы жайлы былай дейді: «Крачковский учил меня видеть за рукописью мир породивших ее страстей... Коран, сборники стихотворений крупнейших поэтов первых столетий ислама, сочинения по всемирной географии, математические трактаты – сколько произведений арабской мысли прошло передо мною в разноликих рукописных томах, которые приносил на занятия мой учитель!» (Шумовский, 2006: 215).

Сонымен, бұл мақалада Теодор Шумовскийдің өмірінің әр кезеңіне тоқталмай, музейге келген студенттің бір сауалына қатысты жауап ретінде музейдегі бір кітаптың жазылу тарихына тоқталып өтсек.

1992 жылдың қаңтар айында әдеттегідей серуенге шыққан Т.Шумовский асфальттағы мұзға тайып жығылып, орнынан тұра алмай қалған. Осының салдарынан ұзақ мерзім ауруханада жатты, ғалымға бес рет ота жасалды. Ауруханада жатып бүкіл өмірін көз алдынан тізбектеп өткізген 80 жастағы қарияның санасынан қазан төңкерісіне дейінгі Кавказ, әлемге танымал тіл маманы Николай Маррдың хаты, Юшманов пен Крачковскийдің мектебі, алғашқы махаббаты, жазықсыз тұтқындалуы, түрме университеті, ормандағы ағаш кесу,



Н.Юшманов
N. Yushmanov



И.Крачковский
I. Krachkovsky

Ленинградқа оралу, араб қолжазбалары, диссертацияларды қорғау сәттері бәрі-бәрі бейне бір кино таспадай тізіле берген... Өмірдің не бір ащы дәмін татқан сәттерде де болмаған осындай дәрменсіздік хәлін бір кезде ерекше тұшымды да жарқын ой алмастырған. Ол – қасиетті Құранды аудару. Дәл осы кез, өзінің бұл кезеңде Құран-Кәрімді орыс тілінде сөйлетуге толысып тұрғанын мойындатты. Теодор Шумовский бұл сәттердегі сезімін мынадай жолдарға түсірген: «Коран является одной из вечных книг человечества, высшим произведением на арабском языке. Со студенческих лет я был поглощен многообразием и богатством его мира, но только сейчас, проработав пол века в арабистике и достигнув определенной жизненной зрелости, я почувствовал себя возможным – и недолимым – приступать к этой работе.

Я чрезвычайно благодарен моей семье, врачам, всем людям, которые помогли мне пройти через это последнее испытание. Я также чрезвычайно благодарен и Корану, который помог мне выстоять, наполнил мою жизнь новым смыслом.

Среди стихий земного океана
 Не мудрецам, а Времени на суд
 Представляю перевод Корана.
 Нелегкий труд.
 Упорный труд.
 Счастливый труд.
 Ничьих я вер Кораном не нарушу,
 Нет мысли тайной в помыслах моих.
 Но пусть нисходит в идущую душу
 Сияньем неба мусульманский стих.
 Тогда прильнет живое сердце к сердцу,
 Сомкнется тесно человеческий круг
 И тот, кто верит, скажет и неверцу:
 «Желанный друг!
 Надежный друг!
 Навеки друг!» (Шумовский, 2008: 548).



Бұл шумақтар «Құран» кітаптың аудармасындағы автордың әлқиссасы. Адамзаттың наным-сеніміне қорған болатын пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа с.ғ.с-ға. уахimen келген «Құран-Кәрімнің» орыс тіліндегі Т.Шумовский аудармасындағы ғылыми-философиялық лепесінен бірнеше қысқа сүрелерді ұсынамыз:

Сура 1. Открывающая Книгу (Фатиха сүресі)

*Во имя Милосердного Милостивого Бога!
Во имя Господа, Чье сердце милосердно,
Чьей милости хотим, о ней прося усердно!
Хвала Ему, Властителю миров,
Над бытием простершему покров,
Тому, Чье к тварям сердце милосердно,
Чьей милости хотим, о ней прося усердно!
Владыке Дня Последнего Суда
Хвала вовек и преданность всегда!
Служа к тебе, к тебе взывая в страхе:
«Нам помоги!» – простерты мы во прахе.
Веди нас, Боже, праведным путем,
Дорогой тех, кто одарен тобою,
Не тех, Твой гнев чьею всал судьбою,
Не тех, кто бродит в сумраке густом*
(Шумовский, 2008: 5).

Сура 112. Очищение (Ыхлас сүресі)


*Во имя Милосердного Милостивого Бога!
«Единственный -скажи о Боге – Он!
Прибежище нам – только Божий трон.
И не рождает Бог, и не рожден.
Нет равных Богу, всех превыше Он»*
(Шумовский, 2008: 545).

Сура 113. Рассвет (Фалак сүресі)

*Во имя Милосердного Милостивого Бога!
Скажи: «Прибегаю к Богу
От скверны, раскрытой светом,
От скверны, сокрытой мраком,
От скверны таящих зависть,
От черного колдовства!»*
(Шумовский, 2008: 546).

Сура 114. Люди (Нәс сүресі)

*Во имя Милосердного Милостивого Бога!
Скажи: «Ищу убежища у Бога,
Царя людей и Господа людей.
Уйдите прочь от моего порога
Вы – соблазнитель, демон и злодей!»*
(Шумовский, 2008: 547).



Құран Кәрім. Санкт-Петербургтың «Диля» баспасынан 2008 жылы жарыққа шыққан, 575 беттен тұратын толық нұсқа.
Авторы – Теодор Шумовский.

*Koran. Full-version consisted of 575 pages published by
“Dilya” printing house in St. Petersburg in 2008.
Author – Theodor Shumovskiy.*

Құран бүгінде бізге ғылымның көптеген салаларынан хабар беруде. Ал Құраннан бұрынғы иләһи кітаптарды ашып қарасаңыз ешбір жерінде медицинамен, астрономиямен т.б. ғылым саласымен байланысты айтқан жаңалықтарды яки кеңестерді табу мүмкін емес. Жаратушының соңғы хақ кітабы Құрандағы ақиқаттар болса, рет-ретімен адамзат игілігі үшін толассыз ашыла бермек: Сол тұрғыда ғылым жолындағы еңбегін түрлі діндерді ұстанатын халықтарды біріктіруге, әлемдегі ынтымақты сақтауға арнаған ғалым Т.А. Шумовскийдің рухына мың мәрте тағзым етеміз.



Әдебиеттер

1. Шумовский Теодор Адамович // Самиздат Ленинграда. Литературная энциклопедия / Под общей редакцией Д. Северюхина. – М.: Новое литературное обозрение, 2003. – Биографический словарь. – 624 с.
2. Шумовский Т.А. Читая священный КОРАН. Поэтический перевод. – СПб.: Издательство «Диля», 2008. – 576 с. Издание 4-е.
3. Три жизни Теодора Шумовского, переведшего Коран на русский язык в стихах – Кругозор (krugozormagazine.com)
4. Шумовский Т.А. Свет с Востока. – СПб.: Изд-во СПб. Ун-та, 2006. – 352 с.
5. Wikipedia – ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет.

References

1. Shymovskiy Teodor Adamovich // Samizdat Leningrada. Literaturnaya ensiklopediya / Pod obshej redaktsiei D. Severukhina. – M.: Novoe literaturnoe obozrenie, 2003. – Biograficheskii slovar. – 624 s.
2. Shymovskiy T.A. Chitaia svashennyi KORAN. Poeticheski perevod. – SPb.: Izdatelstvo «Dilá», 2008. – 576 s. Izdanie 4-e.
3. Tri jizni Teodora Shymovskogo, perevedshego Koran na rýsski iazyk v stihah – Krýgozor (krugozormagazine.com)
4. Shymovskiy T.A. Svet s Vostoka. – SPb.: Izd-vo SPb. Yn-ta, 2006. – 352 s.
5. Wikipedia – ashyq ensiklopediasynan alynğan málimet.

Ахметова С. М.

Евразийский национальный университет
им. Л. Н. Гумилева,
г. Нур-Султан, Казахстан
e-mail: symbatahmeit94@gmail.com

Akhmetova S.M.

L.N. Gumilyov Eurasian
National University,
Nur-Sultan, Kazakhstan
e-mail: symbatahmeit94@gmail.com

ПОЭТИЧЕСКИЙ ПЕРЕВОД СВЯЩЕННОГО КОРАНА

Музей ученого при Евразийском национальном университете им. Л.Н. Гумилева действует с 2002 года как научно-исследовательское и культурно-просветительское структурное подразделение. В музее есть биография Льва Николаевича Гумилева, доктора исторических и географических наук, известного представителя евразийского научного направления, а также источники о научной деятельности и творчестве выдающегося историка-этнолога. Статья посвящена ученому-арабисту Т.А.Шумовскому, пережившему политические репрессии, переводчику Священного Корана в виде стихов на русский язык, который хранится в музее. Проведя детство и юность в местности Шемахе, в Азербайджане, Теодор Адамович всю свою жизнь посвятил изучению ислама, стремясь познать секреты арабской письменности которые часто встречал в мусульманских мечетях и кладбищах. Статья написана как ответ на вопрос посетителя студента со страниц музейного дневника экскурсовода.

Ключевые слова: кабинет-музей Л.Н. Гумилева, Коран, исламоведение, арабоведение, наука, история, литературная критика, Фатиха, Ыкылас, Фалак, Нас.

THE POETIC TRANSLATION OF THE HOLY QURAN

Museum of the Scientist at the L.N. Gumilyov Eurasian National University has been operating since 2002 as a research, cultural and educational structural unit. The museum contains a biography of Lev Nikolaevich Gumilyov, Doctor of Historical and Geographical Sciences, a well-known representative of the Eurasian scientific direction, as well as sources on the scientific activities and works of the outstanding historian-ethnologist. The article is dedicated to the Arabist scientist T.A. Shumovsky, who survived political repression, to the translator of the Holy Quran in the form of verses into Russian, which is kept in the museum. Having spent his childhood and youth in the area of Shemakha, in Azerbaijan, Theodor Adamovich devoted his whole life to the study of Islam, trying to learn the secrets of the Arabic script, which he often met in Muslim mosques and cemeteries. The article is written as in response to a student visitor's question from the pages of the museum guide's diary.

Key words: L.N. Gumilyov Cabinet of the Museum, Koran, Islamic studies, Arabic studies, science, history, literary criticism, Fatiha, Ykylas, Falak, Nas.